

2-БЛОК: Арнайы пән
Сызу
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Сызба қарпінің өлшемін ... анықтауға болады.

- A) бас әріптің биіктігімен
- B) бас әріптің енімен
- C) қаріп сызығының жуандығымен
- D) кіші әріптің биіктігімен
- E) жазу жолдарының қадамымен

2. Даяршаның (готовальня) ішіне кіреді

- A) циркуль
- B) лекало
- C) рейсфедр
- D) транспортир
- E) қарындаш

3. Аксонометрияның түрі қалай аталады, егер де $U=V=W$?

- A) диметрия
- B) проекция
- C) изометрия
- D) түйіндесу
- E) көрініс

4. Мысал ретінде алынған кез-келген бұйымды ... жағынан көрсетуге болады.

- A) 6
- B) 3
- C) 4
- D) көп
- E) 2

5. Басты проекциялау әдіс

- A) параллель
- B) орталық
- C) қиғашбұрышты
- D) тікбұрышты
- E) перпендикуляр

6. Мына координата бойынша өзгеріс коэффициенттері ... аксонометрияға жатады. $X=0,94$; $Y=0,47$; $Z=0,94$.

- A) тікбұрышты диметрия
- B) тікбұрышты изометрия
- C) қиғашбұрышты фронталь диметрия
- D) қиғашбұрышты горизонталь диметрия
- E) қиғашбұрышты фронталь изометрия

7. Диметрия – грек тілінен аударғанда ... деп аталады.

- A) «екі өлшем»
- B) «үш өлшем»
- C) «бірдей өлшем»
- D) «осьтер бойынша өлшеу»
- E) «біртіндеп өту»

8. Координаталар жүйесінің басты нүктесі

- A) X
- B) Y
- C) Z
- D) M
- E) O

9. Сызбадағы басты проекция

- A) фронталь
- B) горизонталь
- C) профиль
- D) вертикаль
- E) анфас

10. Егер проекциялау бағыты проекциялар жазықтығына перпендикуляр болмаса, аксонометрия ... деп аталады

- A) тікбұрышты
- B) қиғашбұрышты
- C) координата
- D) екінші
- E) параллель

11. Профиль – француз сөзі , қазақ тіліне аударғанда

- A) «алдыңғы(басты) көрініс»
- B) «артқы көрініс»
- C) «үстінгі көрініс»
- D) «сол жақ көрініс»
- E) «оң жақ көрініс»

12. Сопақшаны изометриялық проекцияда сызу үшін алдымен сызылады
- A) ромб
 - B) квадрат
 - C) төртбұрыш
 - D) параллелограмм
 - E) тіктөртбұрыш
13. Негізгі жазуда көрсетілетін кішірейту масштабы
- A) 5:1
 - B) 2:1
 - C) 1:1
 - D) 1:2,5
 - E) 4:1
14. Қиғашбұрышты диметрияда, ХОУ жазықтығында жатқан шеңбер немесе сол жазықтыққа параллель, ... арқылы кескінделеді.
- A) эллипс
 - B) түзудің кесіндісі
 - C) сопақша
 - D) өлшемдері өзгерілмейді
 - E) өлшемдері өзгеріледі
15. Пирамиданың табанында үшбұрыш жатса, пирамиданың ...төбесі бар.
- A) 2
 - B) 3
 - C) 1
 - D) 6
 - E) 4
16. Егер сызбада тетікбөлшектің симметрия осі мен контур сызығының проекциясы дәл келсе, көрінбейтін контур сызықтары
- A) сызылады
 - B) сызылмайды
 - C) қалауымызша сызылады
 - D) міндетті түрде сызылады
 - E) сызуға болады
17. Қима деп нәрсені жазықтықпен ойша қиғаннан шыққан
- A) нәрсенің сол жақ көрінісі
 - B) нәрсенің оң жақ көрінісі
 - C) нәрсенің көрінісі
 - D) фигураның кескіні
 - E) сызбасы

18. Дөңгелекті диаметрлерінің біреуінен айналдырғанда пайда болатын дене, ол

- A) конус
- B) шар
- C) цилиндр
- D) шеңбер
- E) сфера

19. Сызбаны оқуды жеңілдету үшін пайдаланатын шартты кескін

- A) қима
- B) тілік
- C) проекция
- D) көрініс
- E) кескін

20. Геометриялық дененің қыры неше жақты біріктіреді

- A) 3
- B) 2
- C) 0
- D) 4
- E) 5

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

21. Аксонометриялық проекциялар түрлері

- A) Фронталь диметрлік, изометриялық, техникалық сурет
- B) Изометриялық, техникалық сурет, жалпы көрініс
- C) Техникалық сурет, профиль, горизонталь
- D) Вертикаль, профиль, горизонталь
- E) Фронталь, техникалық сурет, горизонталь
- F) Масштаб, изометриялық, профиль
- G) Жалпы көрініс, жарты көрініс, техникалық көрініс
- H) Профиль, фронталь, изометриялық

22. Сызбаны орындау үшін

- A) Төрт көз қағаз қажет
- B) Кез-келген қағаз болады
- C) Белгілі бір өлшемдегі қағаз
- D) Жарнамалық өлшемдегі қағаздар
- E) Дүкеннен алынған қағаздың бәрі
- F) Миллимитровка қағазы

23. Қиюшы жазықтықтық проекция жазықтығына қарағандағы орналасуына байланысты тіліктерді

- A) Горизонталь, вертикаль, көлбеу
- B) Фронталь, көлбеу, қисы
- C) Профиль, сынық, жергілікті
- D) Күрделі, профиль, фронталь
- E) Диагональ, горизонталь, вертикаль
- F) Тік, көлбеу, жазық

24. Изометриялық осьтің координаттары

- A) 120x90x120
- B) 120x135x135
- C) 120x120x90
- D) 120x120x120
- E) 120x90x90
- F) 120x45x45

25. Аксонометриялық проекциядағы тілік

- A) 4 тен 1 бөлігі
- B) 2 тен 1 бөлігі
- C) 4 тен 2 бөлігі
- D) 6 тен 1 бөлігі
- E) 4 тен 3 бөлігі
- F) 4 тен 4 бөлігі

26. Оңашаланған қиманы орналастыру

- A) Затты шектейтін сызықтардың ішіне орындайды
- B) Фронтальда орындайды
- C) Профильде орындайды
- D) Сызбадан тыс, симметрия сызығының бойына салынады
- E) Жергілікті көрініс ретінде орындайды
- F) Сызбаның бос орнына салады

27. Француз тілінде (түрі, сыртқы өлшемі)

- A) Карандаштың атауы, маркасы
- B) Бұрыштық сызғыштың жиынтығы
- C) Рейшинаның үлкен түрі
- D) Готовальняның кішісі
- E) Қағаз форматтар
- F) Мектеп тақтасы
- G) Циркульге салынатын грифель
- H) Макеттердің өлшемі

28. «Изометрия»

- A) латын сөзі «үлкен өлшем»
- B) неміс сөзі «жалпы көрініс»
- C) француз сөзі «негізгі көрініс»
- D) ағылшын сөзі «аумақты көрініс»
- E) қазақ сөзі «адам аты»
- F) орыс сөзі «сыртқы өлшем»
- G) қытай сөзі «көзге елестету»
- H) грек сөзі «бірдей өлшем»

29. Сызба пәні


- A) сызбаны оқу және оқу арқылы есептеу
- B) сызбаны оқып, заттарды құрастыруға көмектеседі
- C) сызбаны оқып және сызуды дұрыс салуды үйретеді
- D) заттарды дұрыс қолдануды үйретеді
- E) графикалық кескіндерді оқу және орындауды үйретеді
- F) берілген өлшемдер арқылы заттарды жасау

30. Заттың графикалық кескінін өлшеммен кескіндеу

- A) сурет
- B) карта
- C) масштаб
- D) сызба
- E) эскиз
- F) эпюр
- G) нобай
- H) проекция

Жазғаяттық тапсырмалар
1-жазғаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Сурет



31. Барлық нүктесі бір жазықтықта жататын қисық сызық

- A) Перпендикуляр сызық
- B) Параллель сызық
- C) Көлбеу сызық
- D) Жазық қисық сызық
- E) Горизонталь сызық

32. Төртбұрыштың изометриялық проекциясы:

- A) 1,3
- B) 2
- C) 3
- D) Ешқайсысы
- E) 1

33. Параллель проекцияланғанда, проекцияланатын сәулелер

- A) Вертикаль
- B) Параллель
- C) Көлбеу
- D) Перпендикуляр
- E) Қисық

34. Төртбұрыштың фронталь диметрлік проекциясы


- A) 1
- B) 2,3
- C) 3
- D) Ешқайсысы
- E) 2

35. Сызбадағы бұйымдардың көрінетін суреті

- A) Макет
- B) Эпюра
- C) Тілік
- D) Аксонометрия
- E) Қима

2-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Сурет



36. Цилиндр мен конус қандай проекцияда бірдей болады

- A) Фронталь проекция
- B) Аксонометриялық проекцияда
- C) Профиль проекцияда
- D) Вертикаль проекцияда
- E) Горизонталь проекцияда

37. Көпжақты денелер

- A) Пирамида, куб, конус
- B) Параллелепипед, шар, цилиндр
- C) Пирамида, цилиндр, шар
- D) Параллелепипед, пирамида, екі куб
- E) Куб, пирамида, цилиндр

38. Айналмалы денелер

- A) Пирамида, куб, цилиндр
- B) Конус, куб, цилиндр
- C) Цилиндр, шар, конус, қиық конус
- D) Шар, конус, пирамида
- E) Параллелепипед, шар

39. Цилиндр фронталь проекцияда қандай фигура болады, егер биіктігі мен диаметрі тең болса

- A) Дөңгелек
- B) Призма
- C) Шеңбер
- D) Параллелепипед
- E) Тік төртбұрыш

40. Қанша геометриялық денеден тұрады

- A) 8
- B) 10
- C) 9
- D) 12
- E) 11

2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.